

Т.Г. Маханов

Қазақстан Республикасы Бас
 Прокуратурасының жанындағы Құқық
 қорғау органдары академиясының
 Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу
 институтының аға ғылыми қызметкері,
 құқықтану магистрі

КЕЙБІР ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ ҮШІН ЖАЗА ТҮРЛЕРІ (САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ)

Экономикалық, саяси, әлеуметтік және құқықтық сипаттағы жаһандық өзгерістер әсерінен, Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесі ерекше өзекті және саяси маңызды мәселеге айналып отыр. Тиісінше, сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы тұру мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында, ең алдымен мемлекеттік аппараттың реформаланатын, қабылданатын заңнамалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтуді, мемлекеттік қызметшілерді іріктеуде ашықтықты арттыруды, меритократия қағидаларын енгізуді, яғни жақсы кадрларды ілгерілетуді қамтамасыз ететіндігін айтқан болатын [1]. Осы орайда, сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу мәселесі өзекті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу жағдайын талдау нәтижесі аталған проблеманың өзектілігін көрсетіп, қазақстандық қоғамды деградацияға ұшырататын факторлардың бірі екендігін куәландырады.

Мәселен, 2016 жылдың 8 айы бойынша 3078 сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқықбұзушылықтар СТБР тіркелді, ал 2017 жылдың 8 айы бойынша барлығы 2260 тіркелген. Бұл көрсеткіштің деңгейі бірнеше төмен көрінгенімен, алайда қылмыстың жалпы көлемі аз емес [2]. Оған сот-тергеу құжаттарына талдау жасау нәтижесінде көз жетіп отыр.

Егер де тарихымызға назар қойып қарасақ, қылмыспен күресуде қылмыскерге қылмыстық жазалау шараларын, оның ішінде қатал, қатты жаза түрлерін қолдану арқылы шынайы жетістіктерге жету мүмкін емес, тек ескерту, алдын алу, профилактикалық шаралар аталған күресу жұмыстарында көбірек жетістік әкеледі. Қылмыспен күресуде мемлекет өзге де шараларды қолданады, осындай шаралардың бірі жазалау болып табылады [3, 3 б.].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде белгіленген жаза түрлері әлі күнге дейін одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

Еуропаның біршама елдерінде сыбайлас жемқорлық үшін қатаң шаралар қолданады. Аталған қылмыстар арасынан парақорлық, қызмет бабын теріс пайдалану қылмыстық құқық бұзушылықтары ерекше назар аударады. Бұл құқық бұзушылықтар үшін әр елдерде түрлі жазалар қарастырылған.

Кейбір шетел мемлекеттерінің қылмыстық заңнамасын салыстырмалы талдау нәтижесінде келесідей қорытынды жасалды:

1. Францияның Қылмыстық кодексі бойынша жазалар:

- қылмыс жасаған жеке тұлғаға;
- қылмыс жасаған заңды тұлғаға болып бөлінеді.

Тиісінше, қылмыс жасаған жеке тұлғаға:

- қылмыстық жазалар;
- түзету жазалары;
- қосымша жазалар болып бөлінеді.

Қылмыстық жазалар: 1) өмір бойы қылмыстық тұтқындау немесе қылмыстық қамауға алу; 2) отыз жылдан аспайтын қылмыстық тұтқындау немесе қылмыстық қамауға алу; 3) жиырма жылдан аспайтын қылмыстық тұтқындау немесе қылмыстық қамауға алу; 4) он бес жылдан аспайтын қылмыстық тұтқындау немесе қылмыстық қамауға алу. Қылмыстық тұтқындау немесе қылмыстық қамауға алу мерзімі он жылдан кем болмауы тиіс.

Түзету жазаларына:



- 1) түрмеде тұтқындау;
- 2) айыппұл;
- 3) күндік-айыппұл;
- 4) қоғамдық мүдде үшін жұмыс;

5) құқығынан айыру немесе шектеу жазалары (жүргізуші құқығынан айыру, кейбір көлік құралдарын жүргізуге тыйым салу, жүргізуші кәлігінің күшін жойып белгілі бір мерзімде жаңасын беру, бір не бірнеше көлікті тәркілеу, көлікті қамауға алу, қаруды сақтау және алып жүруге тыйым салу, оны тәркілеу, аң аулауға рұқсатын алып қою, чектер мен вексельдер айналымын шектеу не тыйым салу, қылмысқа қатысты заттарды тәркілеу, кәсіби немесе қоғамдық қызметпен айналысу құқығынан айыру);

б) қосымша жазалар (қандайда бір құқыққа тыйым салу, айыру, құқыққа қабілетсіз ету немесе алып қою; әрекет ету міндетін нұсқамалау; белгілі бір затты тәркілеу немесе қозғаусыз күйде қалдыру; белгілі бір мекеме, кәсіпорынды жабу; шығарылған үкімді құлақтандыру, жарнамалау немесе ресми басылым, аудио-видео хабарлама арқылы тарату) [4].

2. Испанияның Қылмыстық кодексі бойынша жазалар:

- қатаң жазалар;
- азырақ қатаң жазалар;
- қатаңдығы аз жазалар болып бөлінеді.

Қатаң жазаларға: 1) үш жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыру, 2) құқығынан абсолюттік жеңілу, 3) үш жылдан астам мерзімге құқығынан арнайы жеңілу, 4) үш жылдан астам мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, 5) алты жылдан астам мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру, 6) алты жылдан астам мерзімге қаруды сақтау және алып жүру құқығынан айыру, 7) үш жылдан астам мерзімге белгілі бір жерде тұру немесе бару құқығынан айыру.

Азырақ қатаң жазаларға: 1) алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, 2) үш жылға дейінгі мерзімге құқығынан арнайы жеңілу, 3) үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, 4) бір жылдан алты жылға дейінгі мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру, 5) бір жылдан алты жылға дейінгі мерзімге қаруды сақтау және алып жүру құқығынан айыру, 6) алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір жерде тұру немесе бару құқығынан айыру, 7) екі айлық жалақы мөлшерінен астам айыппұл, 8) келтірілген залалға пропорционалды айыппұл, 9) жетіден жиырма төрт демалыс күніне дейінгі мерзімге қамаққа алу.

Қатаңдығы аз жазаларға: 1) үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру, 2) үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге қаруды сақтау және алып жүру құқығынан айыру, 3) бек күндік жалақыдан екі айлық жалақы мөлшеріне дейінгі айыппұл, 4) бір демалыс күнінен алты демалыс күніне дейінгі мерзімге қамаққа алу.

Сонымен қатар, айыппұл мен қоғамдық жұмыстар түріндегі жаза қосымша жаза бола алады. Қосымша жазалар негізгі жазада көрсетілген мерзімде тағайындалады. Негізгі жаза тағайындалған кезде құқығынан айыру жазасы қосымша жаза ретінде болады [5].

3. Германия Қылмыстық кодексіндегі жазалар:

- бас бостандығынан айыру, ең азы 1 ай, ең көбі 15 жыл;
- ақшалы айыппұл, күндік мөлшерлемеммен тағайындалады. Ақшалы айыппұл азы 2000 көбі 10 000 неміс маркасын құрайды;
- мүліктік айыппұл, 2 жылдан кем емес мерзімнен бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған кезде мүлкінің құнын айыппұл ретінде қосып тағайындауы мүмкін.

Автокөлік құралын басқаруға тыйым салу қосымша жаза болып саналады.

Сонымен қатар, жаза ретінде қосымша зардаптар қарастырылған: лауазымды атқару құқығынан, сайлану және дауыс беру құқығынан айыру [6].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі бойынша қылмыс жасағаны үшін кінәлі тұлғаларға келесі жазалар қолданылады:

- айыппұл;
- түзеу жұмыстары;
- бас бостандығын шектеу;
- бас бостандығынан айыру;
- өлім жазасы.

Сонымен қатар, қосымша жазалар:



- мүлкін тәркілеу;
- арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
- белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
- Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру;
- шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін [7].

1-Кесте. Отандық және кейбір шетел мемлекеттеріндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарына жаза түрлері

№	Мемлекет	Қылмыстық заңнама	Сыбайлас жемқор-лық нормала-рының құрылымы	Негізгі жаза	Қосымша жаза
1.	Франция	Қылмыстық кодекс	Бөлікте 2 тарау, 4 бөлім, 17 бап бар.	Әр баптың санкциясында жеке көрсетілген негізгі жаза: 1 жылға түрмеге тұтқындау және 100 000 франк айыппұл – 30 жыл 3 000 000 франк айыппұл. Түрмеге тұтқындау мен айыппұл бірге тағайындалады. Негізгі жазаға қосымша жазаны судья қосып тағайындауы мүмкін.	Қосымша жаза 4 Бөлімдегі бір бапта көрсетілген: 1) саяси, азаматтық және жанұялық құқығын қолдануға тыйым салу; 2) жария лауазымын атқаруға және кәсіби немесе қоғамдық қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3) қылмысқа қатысты заттарды тәркілеу; 4) үкімді құлақтандыру не жарнамалау
2.	Испания	Қылмыс-тық кодекс	Бөлімде 9 тарау, 41 бап бар.	Барынша мерзімі 8 жылға дейінгі түрмеге тұтқындау, барынша мөлшері 24 айлық жалақыдағы айыппұл, максималды сомасы 3 еселенген пара сомасындағы айыппұл сипатындағы жазалар көзделген	Максималды 20 үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру қосымша жаза көзделген
3.	Германия	Қылмыстық кодекс	Арнайы тарауда 5 бап бар.	Барынша мерзімі 10 жылға дейінгі мерзімге бостандығынан айыру немесе ақшалы айыппұл (көлемін судья тағайындайды) салынады.	Қосымша жаза ретінде, егер де бас бостандығынан айыру жазасы 5 айдан кем емес болса, лауазымды атқару құқығынан, сайлану және дауыс беру құқығынан айыру қолданылады.



4.	Қазақстан Республикасы	Қылмыстық кодекс	5 тарауда барлығы 20 бап бар.	Максималды 7000 АЕК мөлшерінде айыппұл, сол мөлшерде түзету жұмыстары, 6 жылға дейінгі мерзімде бостандығын шектеу, 20 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру, 10-80 еселенген пара сомасындағы айыппұл	Мүлікті тәркілеу, өмір бойы белгілі бір лауазымды атқару немесе қызметпен айналысу құқығынан айыру
----	------------------------	------------------	-------------------------------	---	--

2-Кесте. Отандық және кейбір шетел мемлекеттеріндегі пара алу қылмысы үшін көзделген жаза түрлері.

№	Мемлекет және қылмыстық заң	Қылмыс бабы	Негізгі жаза	Қосымша жаза
1.	Франция Қылмыстық кодексі	432-11 бап. Енжар парақорлық және ықпалын сату	10 жылға түрмеге тұтқындау және 1 000 000 франк көлемінде айыппұл салу көзделген.	Қосымша жаза судьялық қарауға байланысты тағайындалады: 1) саяси, азаматтық және жанұялық құқығын қолдануға тыйым салу; 2) жария лауазымын атқаруға және кәсіби немесе қоғамдық қызметпен айналысу құқығынан айыру; 3) қылмысқа қатысты заттарды тәркілеу; 4) үкімді құлақтандыру не жарнамалау
		432-12 бап. Заңсыз пайда алу	5 жылға түрмеге тұтқындау және 500 000 франк көлемінде айыппұл салу	
2.	Испания Қылмыстық кодексі	5 Тарау. Парақорлық туралы. 419 бап. Пара алумен бірге басқа қылмыс белгісі болса	2 жылдан 6 жылға дейінгі мерзім аралығында түрмеге тұтқындау, параның 3 еселенген сомасындағы айыппұл салу	7 жылдан 12 жыл арасындағы мерзімге тиісті лауазымды атқару немесе мемлекеттік тұғырға кірісу құқығынан айыру
		420 бап. Пара алумен бірге басқа қылмыс белгісі болмаса	1 жылдан 4 жылға дейінгі мерзім аралығында түрмеге тұтқындау, параның 3 еселенген сомасындағы айыппұл салу	6 жылдан 9 жыл арасындағы мерзімге тиісті лауазымды атқару немесе мемлекеттік тұғырға кірісу құқығынан айыру



3.	Германия Қылмыстық кодексі	§ 331. Пайда алу.	- Егер лауазымды тұлға алса, 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе ақшалы айыппұл; - егер судья немесе аралық судья алса, 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе ақшалы айыппұл.	Қосымша жаза ретінде, қосымша зардаптар қарастырылған: лауазымды атқару құқығынан, сайлану және дауыс беру құқығынан айыру.
		§ 331. Сатқындық (пара алу)	- Егер лауазымды тұлға алса, 6 айдан 5 жылға дейінгі мерзім аралығында бас бостандығынан айыру; - егер судья немесе аралық судья алса, 1 жылдан 10 жылға дейінгі мерзім аралығында бас бостандығынан айыру.	
4.	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі	366 бап. Пара алу	1 бөлім: параның 50 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру	Мүлкін тәркілеу, өмір бойы белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру
			2 бөлім: параның 60 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру	
			3 бөлім: параның 70 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру	
			4 бөлім: параның 80 еселенген сомасындағы айыппұл немесе 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру	

Талдау нәтижесі көрсеткендей, салыстыруға алынған мемлекеттердің қылмыстық саясатына қарай, жаза түрлері және оның көлемдері де әр түрлі болып келетіні байқалды (1-кестені қараңыз). Мәселен, Францияда енжар пара алғаны үшін, сондай-ақ заңсыз пайда алғаны үшін, пара сомасына, пара алушының тұлғалығына, ауырлататын және жеңілдететін мән-жайларға қарамастан нақты жаза түрлерін тағайындау көзделген (2-кестені қараңыз). Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен салыстырғанда, Францияда баламалы жаза түрі қарастырылмаған, қылмыстық жаза мен түзету жазасын тағайындай отырып, қосымша жаза түрлерін судьялық қарауға жүктеген.

Сонымен қатар, Испанияда пара алу қылмысын Пара алумен бірге басқа қылмыс белгісі болса және болмаса етіп екіге бөліп нормалаған. Тиісінше, басқа қылмыс белгісі болған жағдайда неғұрлым ауырырақ жаза тағайындалады.

Ал Германияда, пара алу қылмысын екі нормаға бөліп: пайда алу және сатқындық (пара алу) етіп бөліп қарастырған. Пайда алуға қарағанда, сатқындық үшін неғұрлым ауыр жаза көзделген.

Салыстыруға алынған елдердің жаза түрлері әр түрлі, алайда Қазақстанның қылмыстық заңнамасына ұқсас жерлері де бар. Мысалы, Испанияда ғана параның еселенген



сомасындағы айыппұл түрі қарастырылған, бірақ Қазақстанға қарағанда тым азырақ екендігі байқалады. Бұл жерде сыбайлас жемқорлық үшін отандық заңнамада көзделген жаза түрлері еліміздің қылмыстық саясатына сай екендігін айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» //URL: http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs
2. ҚР БП ҚСЖАЕК 2016 және 2017 жылдар аралығындағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күресу нәтижелері туралы 3-К нысанды есебі //URL: <http://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat>
3. Рахметов С.М., Кулмуханбетова Б.А. Наказание: понятие, цели, виды, порядок и назначение: Учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 1999.
4. Criminal Code of the French Republic (as of 2016) //URL: <http://www.legislationline.org/documents/section/criminal-codes>
5. Criminal Code of the Kingdom of Spain (1995, as of 2013) //URL: <http://www.legislationline.org/documents/section/criminal-codes>
6. Criminal Code of the Federal Republic of Germany (1971, amended 2016) //URL: <http://www.legislationline.org/documents/section/criminal-codes>
7. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. [Электрондық қор] - [Рұқсат режимі] //URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.

